

Ленин тұты

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 104 (7064)

Сейсенбі 29 май 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20 тыйын

Жеңімпаз ұлы халқымыздың даңқы арта берсін!

(Сталин жолдастың халыққа арнаған үндеуінен)

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінде

Қазақ ССР колхоздары мен совхоздарында шөп шабу және шөп сүрлеуге әзірліктің барысы туралы

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті Республика колхоздары мен совхоздарының көпшілігінде шөп шабу және шөп сүрлеуге әзірлік жұмысының мүлдем қанағаттанғысыз жүргізіліп отырғандығын атап көрсетті.

Оңтүстік облыстардың колхоздары мен совхоздарының таяудағы күндерде егін жыйнау жұмысына жаппай кірісуге тиіс екеніне, ал республиканың солтүстік облыстарында пішен орағының басталуына санаулы күндер қалғанына қарамастан, шөп машиналары мен құрал-саймандарын жөндеу жұмысының қарқыны бұл жұмыстың тағайындалған мерзімде аяқталуын қамтамасыз етуге тіпті сай болмай отыр. 15 майға дейін колхоздарда шөп машиналарының 37,0 проценті, ат тырнаушыларының—33,2 проценті; Совхоздар Халық Комиссариатының совхоздарында шөп машиналарының 45 проценті, ат тырнаушыларының—33 проценті жөндеді. Шөп машиналарын жөндеуде Бөкшетау, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Семей облыстарының колхоздары ете-мөте артта қалды.

Шөп машиналары мен құрал-саймандарын жөндеуде мұндай артта қалушылық ауыл шаруашылық жұмыстарын жүргізуде жұмысты кезекке қоюшылық сыяқты зиянды тәжірибенің орын тепкендігін ыспаттайды. Партия, совет ұйымдарының, жер және совхоз орындарының көптеген басшылары шөп шабуға әзірлік жұмысын көктемгі егіс аяқталғаннан кейін ғана өрістетуге керек деп колхоз, совхоздарға теріс бағыт беріп отыр. Өткен жылдардың тәжірибесі бойынша мәлім болып отырған мұндай тәжірибе шөп шабу жұмыстары мерзімінің ұзаққа созылуына, мал азы

4. Қазақ ССР Жер Халық Комиссариаты (Дауылбаев жолда) тракторға тіркейтін шөп машиналарын әрбір МТСқа әрбір трактор шөп машинасымен 800 гектар шабындық жер алағы мөлшерінде шөп шабу жөнінде маусымдық тапсырманы бес күндік мерзім ішінде жеткізуге міндеттелсін. Осы тапсырмаға сәйкес, трактор шөп машинасымен пішен шабу жұмысын өткізу жөнінде колхоздармен дерезе шарт жасасу ісі МТС директорларына тапсырылсын.

5. Қазақстан тұтынушылар одағы (Псаков жолда) бекітілген жоспар бойынша колхоздарға қолмен шөп шабатын құрал-саймандарын—оңтүстік облыстарға 1 июньге дейін және солтүстік-шығыс облыстарға—бұйымы 15 июньге дейін тасып жеткізуге міндеттелсін.

6. Облыстық, аудандық Атқару комитеттері, ҚК(б)П облыстық және аудандық комитеттері мыналарға міндеттелсін:

а) Мемлекеттік жер қоры мен Мемлекеттік орман қорының жерлерінде колхоздар мен совхоздар арасында шабындық жер алағын бөлу жұмысы бұйымы 15 июньге дейін аяқталатын болсын;

б) шөп шабу басталардан 10 күн бұрын әрбір колхоз бен совхозда пішенші бригадаларды ұйымдастыру, оларға халық жеткі мөлшерде шөп машиналарын, құрал-саймандар мен күш көлігін бекітіп беру жұмысы аяқталсын, шөп шабу жұмысы толық аяқталғанға дейін бұлар ауыл шаруашылығының басқа жұмыстарына ауыстырылмайтын болсын;

в) шөп шабу басталардан 5 күн бұрын шөп шабу және шөп сүрлеуді өткізу жөнінде жұмыс жоспарлары жасалып, бұлар колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының жалпы жыйылыстарында талқылансын;

г) тракторларға тіркейтін шөп машина

майнасумен қатар, мал қыстайтын жерге шөп тасу жұмысын ұйымдастыруға міндеттелсін. Сөйтіп егін жыйнау басталғанға дейін дайындалған мал азығының кемінде 30 проценті, ал мал қолға қарайтын кезге дейін—кемінде 60 проценті тасылып алынатын болсын.

Мал азығын қыстау басына тасу үшін шөп шабу басталғаннан бастап мал фермаларының менгерушілеріне көлігімен бүтін 2—3 арбаны бекітіп беру, ферма басына шөп тасу жұмысын мал қолға қарайтын маусым басталғанға дейін толық аяқталған мал фермаларының қызметкерлеріне заттай сыйлық тағайындау колхоз басқармаларына ұсынылсын.

10. Облыстық, аудандық Атқару комитеттері, ҚК(б)П облыстық және аудандық комитеттері, колхоз басқармалары мен совхоз директорлары мыналарға міндеттелсін:

а) әрбір колхоз, совхозда ферма іргесіндегі учаскелерде мал азығындық жеміс тамыры өсімдіктер және сүрлейтін шөптер егу жоспарының сөзсіз орындалуы қамтамасыз етілсін, сол сыяқты бұл өсімдіктердің тығыздығы күтілуі ұйымдастырылатын болсын;

б) шөп сүрлеу жөнінде бекітілген жоспарға сәйкес, шөп сүрлейтін ескі жабдықтарды жөндеу және жаңадан жабдық жасау жұмысы дер кезінде қамтамасыз етілсін;

в) шөп сүрлеуде өз бетімен шыққан кентер көңінен пайдаланылсын, сөйтіп егін орағы басталғанға дейін шөп сүрлеу жоспары кемінде 60 процент орындалатын болсын.

11. Шөп шабу және мал азығын сүрлеу жұмыстарын дер кезінде өткізгені үшін колхозшылар мен жұмысшылардың еңбегін заттай сыйлық беру ісінің мал шаруашылығын өркендетуде зор маңызы

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінде

1945 жылғы майдың II онкүндігінде тракторларды өнімді пайдаланғаны үшін МТСтарға, совхоздар мен трактор бригадаларына Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туларын беру туралы

МТСтардың, совхоздар мен трактор бригадаларының 1945 жылғы майдың екінші онкүндігінде көктемгі егіс жұмыстарының қорытындысын қарап, Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитеті қаулы етті:

МТСтардың, совхоздар мен трактор бригадаларының машина-трактор паркін жұмысқа өнімді пайдалануда табыстарға жеткені үшін Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл тулары төмендегі МТСтарға, совхоздар мен трактор бригадаларына берілсін:

Машина-трактор станциялары

1. Ауыспалы Қызыл ту Еңбекші қазақ МТСынан алынып, Алматы облысының Жаңашар МТСна (директоры Паченко жолда) берілсін.

2. Семей облысының Жаңа Семей МТС (директоры Фоминых жолда),

3. Ауыспалы Қызыл ту Шанхай МТСынан алынып, Талды қорған облысының Үштібе МТСна (директоры Дой жолда) берілсін.

4. Қостанай облысының Аманкелді МТС (директоры Шульга жолда),

5. Ақтөбе облысының Зайсан МТС (директоры Романенко жолда),

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл тулары төмендегі машина-трактор станцияларында қалдырылсын:

1. Қызыл орда облысының Жаңа қорған МТС (директоры Антоненко жолда),

2. Ақмола облысының «Авангард» МТС (директоры Нонякин жолда),

3. Қарағанды облысының Литвинов МТС (директоры Козерод жолда),

4. Шығыс Қазақстан облысының Заулыба МТС (директоры Петухов жолда),

дағы Питерский жолдастың бригадасынан алынып, осы МТСтағы Ширнов жолдастың трактор бригадасына берілсін.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туы Михайлов МТСнағы Швагерник жолдастың трактор бригадасында қалдырылсын.

Солтүстік-Қазақстан облысынан

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл тулары Образцовая МТСдағы Власов жолдастың трактор бригадасы мен Полудень МТСнағы, Бондарева жолдастың трактор бригадасында қалдырылсын.

Қостанай облысынан

Ауыспалы Қызыл ту Невонезин МТСдағы Наливкин жолдастың трактор бригадасынан алынып, Шолақ сай МТСдағы Полонец жолдастың трактор бригадасына берілсін.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туы Семнозер МТСдағы Мулдай жолдастың трактор бригадасында қалдырылсын.

Қарағанды облысынан

Ауыспалы Қызыл ту Литвинов МТСдағы Тимошенко жолдастың бригадасынан алынып, Бабенко жолдастың трактор бригадасына берілсін.

Ауыспалы Қызыл ту Ударный МТСдағы Ушаков жолдастың бригадасынан алынып, осы МТСтағы Богуш жолдастың трактор бригадасына берілсін.

Павлодар облысынан

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туы Бірінші Май МТСдағы Литвинов жолдастың трактор бригадасына берілсін.

1941—1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңген үшін медалі белгілеу туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

1. Германияны жеңу құрметіне «1941—1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңген үшін» медалі белгіленсін.

2. «1941—1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңген үшін» медалі туралы ереже бекітілсін.

3. «1941—1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңген үшін» медалінің сипаттамасы бекітілсін.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председатели М. КАЛИНИН
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.
Москва, Кремль.

1945 жылғы 9 май

1941—1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңген үшін медалі туралы ереже

1. «1941—1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңген үшін» медалімен мынадай адамдар наградталады:

а) Қызыл Армия, Соғыс-Теңіз, Флот және Ішкі Істер Халық Комиссариатын әскері Отан соғысында, майдадары ұрысқа тікелей қатысқан немесе соғыс округтеріндегі жұмысымен жеңісті қамтамасыз еткен әскери қызметшілердің және жай штат қызметкерлері;

б) Ұлы Отан соғысы кезінде Майдағы Қызыл Армия, Соғыс-Теңіз Флоты не Ішкі Істер Халық Комиссариатын әскері қатарында қызмет еткен, біз жаралануы, ауыр ұру және мертігуі себепті онан шыққан, сол сыяқты мемлекет және партия ұйымдарының қарарымен бірінші армиядағы жұмыстардан бөлек қызметке кеткен әскери қызметшілер бәрі және жай штат қызметкерлері.

2. «1941—1945 жылдарғы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңген үшін»

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Партия ұйымы социалистік жарысты бастай білуде

Приешім ауданының Киров атындағы колхозының бастауын партия ұйымы (секретарі Әбілханов жолдас) Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен КК(б)П Орталық Комитетінің «Қазақ ССР құрылуының 25 жылдығына байланысты социалистік жарыс ұйымдастыру туралы» қаулысына сәйкес едәуір жұмыс істеді. Партия ұйымы социалистік жарысты басқару, колхозшылардың алған міндеттемелерінің орындалуын тексеру және жұмыс қорытындыларын шығару үшін комиссия құрды. Комиссия мүшелері колхоз бен колхозшылардың алған міндеттемелерінің орындалу барысын бес күн сайын тексеріп, қорытады.

Колхоз мүшелері алған міндеттемелерін аброймен орындау үшін көктемгі егісті тыңғылықты әзірлікпен бастады. Бригада мүшелерінің еңбек өнімділігін арттыру үшін тиісті жағдай жасалды. Дала қосы мәдениетті жабықтады. Жұмыс күнінің қай уақытта басталып, аяқталатындығы туралы ішкі тәртіп ережелері белгіленді. Соқашылар, тұқым себушілер мен боранашылар тәжірибелі, колхозшылардан іріктеліп алынды. Сөйтіп, егістің алғашқы күндерінен бастап, колхозда еңбек ұйымдастыру және социалистік жарыста алынған міндеттемелердің орындалуы айтарлықтай болды.

Үгітші коммунист Саттаров жолдас кеменгер кәсіміміз Сталин жолдастың халыққа арнаған үндеуін және тарихи жеңісіміз туралы хабарларды колхозшыларға жете түсіндіріп, оларды жанқиярлықпен еңбек істеуге жұмылдырды. Осының нәтижесінде колхозда еңбек өнімі неғұрлым арта түсті. Соқашылар Қоңқабаев, Мәлімгітов және Оспанов жолдастар күн сайын 1,5 гектар орнына 2-2,5 гектар

жер жырты. Тракторшы Заликовская жолдас трактормен 118 гектар жер жыртып, 72 килограмм жанармай үнемдеді.

Колхозшы шаруалар көктемгі егісті ойлағдай өткізуде қажырлы қайратпен еңбек істеп жүр. Бұл істе егін бригадасының бригадирі, Отан соғысының мүгедегі, коммунист Ақанов Қожақмет жолдас іс үлгісін көрсетті. Ол, жер жырты және тұқым себуда агротехника шараларын мүлтіксіз жүзеге асырып, жұмыста аялшылықтың болмауын қамтамасыз етті.

Колхозшылардың қажырлы еңбек істеуі нәтижесінде бұл колхоз 20 майда егіс жоспарын артығымен орындап шықты. Өткен жылғымен салыстырғанда егіс жұмысы колхозда 14 күн бұрын аяқталды. Сөйтіп, колхоз көктемгі егісті өткізу жөнінде өзара социалистік жарысқа түскен «12 лет Октября» колхозынан озып шықты.

Аудандық совет атқамі мен КК(б)П аудандық комитеті Киров атындағы колхоз мүшелерінің көктемгі егіс кезінде тамаша іс үлгісін көрсеткені үшін оларға бағалы сыйлық берумен қатар, колхозға ауыспалы Қызыл Ту тапсырды. Қазір колхозда жоспардан тыс егін салу жұмысы қызу жүргізіліп жатыр. Алғашқы бір күннің өзінде 14 гектар егін егілді.

Көктемгі егісті агротехникалық жоғары сапада өткізу-егіннен мол өнім алудың тек бастамасы ғана. Сондықтан, партия ұйымының алдында егінді тыңғылықты күтіп, баптау ісіне колхозшыларды жанпай жұмылдыру міндеті тұр. Бұл міндетті де ол іс жүзінде орындауға тиіс.

Б. СӨРСЕНБАЕВ,

КК(б)П обкомінің ұйымдастыру нұсқау бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

Міндеттемелерін мүлтіксіз орындау үшін күресуде

Оңтүстік Қазақстан облысының Мақата-Арал ауданындағы Алғабас ауыл советінің депутаттары мен белсенділері республикамыздың ауыл-селолық советтерінің барлық председателдерін, депутаттары мен активтерін Қазақстанның 25 жылдығы хұрметіне ауыл-селолық советтердің социалистік жарысын ұйымдастыруға шақырды.

Бұл шақыруды Преснов ауданындағы Майбалық ауыл советінің депутаттарының

сыздығын жою үшін 17 адамнан құралған ересектер мектебі ұйымдастырылды. Колхоздағы оқу үйі мен қызыл мүйіз үйлері сайлаушылардың бос уақытын мәдениетті түрде өткізу орталығына айналды.

Жақын арада болып өткен ауылдық советтің секциясы оңтүстік Қазақстандықтардың бастамасын жұртшылық игілігіне айналдыру туралы мәселе қарады.

БҮГІН—КӨКТЕМГІ ЕГІСТІ АЯҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОНКҮНДІКТІҢ ТОҒЫЗЫНШЫ КҮНІ

Егіс жоспарын толық және артық орындап, жоспардан тыс көптеп егіс егейік!

Облысымыздың егіс даласында

Аудандардың көктемгі егісті өткізудегі социалистік жарысы

Облыстық жер бөлімнің мәліметі бойынша, облыс колхоздары 27 майға дейін 239076 гектар егіс егін, егіс жоспарын 73,7 процент орындады. 26 майда 10060 гектар орнына, 5375 гектар жерге ғана тұқым себілді.

Егісте Петропавл ауданының колхоздары үшінші орыннан бірінші орынға шықты. Мұнда егіс жоспары 89,4 процент орындалды. Егіс жоспарын Октябрь ауданының колхоздары 88,6 процент, Ленин ауданының колхоздары 87,8, Мамлют ауданының колхоздары 85,5 және Приешім ауданының колхоздары 80 процент орындады. Егіс қарқыны Преснов ауданында баяулап кетті. Бұл ауданның колхоздары жетінші орыннан сегізінші орынға түсіп, Совет ауданының колхоздары сегізінші орыннан жетінші орынға шықты. Егісте бұрынғыша Соколов, Булаев және Қонохов аудандарының колхоздары кешіргісіз артта келеді. Қонохов ауданында жоспар 60,3 процент ғана орындалды. 26 майда мұнда 880 гектар орнына, 400 гектар жерге ғана тұқым себілді.

Облыс колхоздары 185331 гектар жер жыртып, жер жыртыу жөніндегі жоспарды 78,2 процент орындады. Облыс бойынша 26 майда 8240 гектар орнына, 5133 гектар ғана жер жыртылды.

Петропавл ауданының колхоздары жер жыртыуда да алда келеді. Мұнда жер жыртыу жөніндегі жоспар 91,2 процент, Октябрь ауданында 87,4 Ленин ауданында 85,8 Приешім ауданында 81,8 және Мамлют ауданында 78,6 процент орындалды.

Преснов ауданының колхоздары жер жыртыу жұмысының қарқыны да бәсеңдетіп жіберді. Мұнда 26 майда 1380 гектар орнына, бірде-бір гектар жер жыртылмады. Осы сияқты жер жыртыу қарқыны Булаев, Соколов және Қонохов аудандарында да өрістетілмей келеді.

Бүгін—көктемгі егісті аяқтау жөніндегі республикалық онкүндіктің тоғызыншы күні. Сөйлеу бола тұрса да облысымыздың колхоздары егіс жоспарын орындай алмай отыр.

Таяудағы екі-үш күн ішінде егіс жоспарын қалай да болса орындап шығуға колхозды ауыл-селоның барлық күші, мүмкінділігін жұмылдыру керек. Егіс жұмыстары күн-түні бірдей жүргізілуі тиіс. Жергілікті партия, комсомол ұйымдары, совет және жер орындары, колхоздар мен МТС-тардың басшылары жұмыстың неғұрлым өнімді істелуін және әрбір сағаттың уқыпты пайдаланылуын қамтамасыз етуі қажет.

Япония колхозы егіс

ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Қазақ ССР-ның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыста көктемгі егісте үздік шыққан мына озаттар облыстық совет атқамі мен КК(б)П облыстық комитеті бюросының қаулысы бойынша, облыстық ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫНА жазылады:

ҚОНОХОВ АУДАНЫНАН:

«ЛЕНИНСКИЙ ПУТЬ» колхозы (председателі ФИЛОНОВ жолдас). Бұл колхоз егіс жоспарын 100 процент орындап, қазір жоспардан тыс егіс өге бастады.

«БЕС АҒАШ» колхозы (председателі БИҒАЗИНЕВ жолдас). Бұл колхозда егіс жоспары 100 процент орындалды. Қазір колхоз мүшелері жоспардан тыс егіс егуде.

«КРАСНЫЙ ПАРТИЗАН» колхозы (председателі ЛИЗУНОВ жолдас). Мұнда егіс жоспары 100 процент орындалды.

ЛЕНИН АУДАНЫНАН:

КАРЯ ЛИБИНХТ атындағы колхоз (председателі БЫКОВ жолдас). Бұл колхозда 1200 гектар орнына, 1227 гектар егіс егілді.

«МӘДЕНИЕТ» колхозы (председателі ОСПАНОВ жолдас). Мұнда егіс жоспары 100 процент орындалды.

ЛЕНИН атындағы колхоз (председателі БАЕВ жолдас). Бұл колхозда егіс жоспары толық орындалып, жоспардан тыс 6 гектар егіс егілді.

ЖАМБЫЛ атындағы колхоз (председателі СЫЗДЫҚОВ жолдас). Бұл колхозда егіс жоспары 100 процент орындалды.

МАМЛҮТ АУДАНЫНАН:

ЖДАНОВ атындағы колхоз (председателі ШУКИН жолдас). Мұнда егіс жоспары толық орындалып, жоспардан тыс 13 гектар егіс егілді.

КАГАНОВИЧ атындағы колхоз (председателі ГОРШЕНКОВ жолдас). Бұл колхоз жоспар бойынша 1050 гектар егіс егті.

«КРАСНЫЙ ОРЕЛ» колхозы (председателі КИТАЕВ жолдас). Мұнда егіс жоспары 100 процент орындалды.

Астық совхоздарының зор табысы

Возвышен және Чистов совхоздарынан кейін Шағлы және Киров атындағы астық совхоздары да көктемгі егіс жоспарын толық орындап, онкүндік кезінде зор табысқа ие болды.

Шағлы совхозында (директоры Сорокин, партия ұйымының секретарі Сидоренко жолдастар) жоспар бойынша 3525 гектар егіс егілді. Қазір совхоз коллективі жоспардан тыс егіс егін жатыр. Егіс кезінде совхоздың көптеген тракторшылары жеңісімізге сай жұмыс істеді. Тракторшы Афанасий Беда жолдас смена сайын 15,7 гектардан жер жұмыстап, 29 сменада жұмысталған жер мөлшерін 456 гектарға жеткізді. Тракторшы Григорий Герловский жолдас 28 сменада 348 гектар жер жұмыстады.

Киров атындағы астық совхозының

ұйымының секретарі Кравченко жолдас-тар) 25 майға дейін 5270 гектар орнына 5280 гектар егіс егін, қазір жоспардан тыс егіс егу жұмысын өрістете түсуде.

Бұл колхоздың тракторшылары шын мәнінде қажымай-талмай жұмыс істеді. Тракторшы Роман Бабкин жолдас 20 сменада 468 гектар жер жұмыстап, еңбек өнімін арттырудың тамаша үлгісін көрсетті. Осы сияқты тракторшы Богинский, Собалевский, Дорогой, Музыка, Әбдиев және Мұқанбетов жолдастар да совхоздың игі таңдаулыларының алдыңғы сапынан орын алды. Мұқанбетов жолдас 29 сменада 265 гектар жер жұмыстап, социалистік жарыста үздік шықты.

Ф. СТЕПАНОВ,

Облыстық астық совхоздары тресі дирек-

Оқу жылын жаңа табыстармен аяқтаймы

Мектепте оқу-тәрбие жұмысын жартып, жас жеткіншектерді коммунист рухта тәрбиелеу совет оқытушысы абройлы борышын болып саналады. сияқты жауапты жұмысқа біздің мектеп оқытушылары жете түсініп, 6-7-8-9-10-11-12-класстарға сапалы білім, саналы тәрбие-ге өздерінің білімдері мен іс-қабілет-жұмсай білді. Соның нәтижесінде-біздің оқу жылын біз ойдағыдай аяп-шықталы отырмыз.

Біз оқу жылын зор әзірлікпен (таумен қатар, мектеп жасындағы балаларды оқуға түгел тарттық. Рас-жылының 1—2-тоқсанында мектебін-оқушылардың оқуды үлгері алмаушы-ғы кездесті. Оқу жылының 2-тоқса-ның қортындысында бастауынш клас-та 2 оқушы, ал жоғарғы класстарда-оқушы сабақты үлгері алмай жүрген-гі байқалды. Оқушылардың сабақты-гермеушілігін жою, әсіресе жоғарғы к-оқушыларының оқуды жақсы және-жақсы деген бағамен бітіріп шығу-үшін оқытушыларымыз көп-бек сіңірді. География және тарих п-дерінің оқытушысы Қартқожақов, е-рлерінің оқытушысы Шайдуллин жол-дар өз пәндерінен барлық оқушылар-сабақты ойдағыдай үлгеруіне жетісті.

Оқудың алғашқы тоқсанында оқу-лардың сабақты үлгері алмаушылығы-жою мақсатында соңғы тоқсандарда-сымша сабақ өткізу нәтижесінде біз-оқушылардың сабақты жақсы үлгеруін і-тамасыз еттік. Сондықтан да мектеп-сабақты өте жақсы оқушылар саны-та түсті. 5-класстан С. Әбілмәжінов, І-дүренов; 6-класстан Едірсов, Жағпар; 7-класстан Жәмәлиева, Найманбаев, бастауынш класстардан Ілиясов және Қ-нышев сияқты оқушыларымыз барл-пәннен «5» деген бағамен үлгеріп ке-ді. Қазір мектебімізде тек жоғары к-оқушыларынан 10 оқушы сабақты е-жақсы оқыды. Бұл оқушылар оқу-өте жақсы бітіріп шығу үшін сын-тынбай әзірленуде.

Мектебімізде жазғы сынақ алу ба-талды. Сынақ жұмысын жүргізу үш-әдіс бөлмесі жабықталды. Мұнда оқы-шылар оқушыларға кейбір пәндерден т-еінік сабақтарын ұйымдастырады.

Қазіргі жағдайда, отан соғысын-біздің толық жеңісімізбен аяқталы-бойбөт өркендеу кезеңі басталғанда оқ-тушылар коллективінің алдында өте ж-ауапты міндет тұр. Ол—оқушыларды с-наққа айтарлықтай дайындау.

і Тоққожин жолдас бастаған сайлау-
лар көктемгі егіс кезінде бірсыпыра
мыстар істеді. Колхоз шаруашылығы
ің барлық саласында түрлі бригадалар
мыс істейді. Егін бригадаларына
ы шаруашылық артелінің сталин
с ұставы бойынша ауыспалы егіс
аскелері түпкілікті етіп бекітіліп бе-
лді. Тыңайтылған жерлерді пайдалану
ін оларды алдын ала өңдеу жұмысы
ң өріс алды. Колхозда таң сәріден
н қараңғысына дейін жұмыс істеледі.
Міне, соның нәтижесінде бұл колхоз
ғайындаған егіс жоспарын ~~қол-
қол~~ алағұрлым бұрын орындады.
Сол сияқты жергілікті советтің депу-
ты Жұмабаев жолдас басқарған «Тал-
ан» колхозының сайлаушылары да көр-
кті жұмыстар істеді. Олар еңбекшілер-
і тұрысын жақсартуға, олардың мә-
ни-тұрмыс қажетін өтеуге ерекше на-
р аударды. Мектеп жасындағы барлық
далар оқуға тартылып, олардың сана-
і төртіп, сапалы білім алуына жағдай
асалды. Қазір сайлаушылардың сауат

жарыс шартының орындалуы туралы
баяндамалар жасап, әңгіме өткізді. Ауыл
совет председатели Алдабергенов жол-
дас басқарған тұрақты комиссия-
ның мүшелері 1945 жылы әр-
бір колхозда егіннен мол өнім алу,
мал шаруашылығын өркендетудің мемле-
кеттік жоспарын артығымен орындау,
мемлекет алдындағы міндеттемелерді
мерзімінен бұрын өтеу, ауыл мен селода
әлеуметтік мәдениет жұмыстары жөнінде
белгіленген шараларды толық жүзеге
асыру, сөйтіп сайлаушылар арасында
ұйымдастыру—көпшілік жұмыстарын
кеңінен өрістету үшін қажірлі қайратпен
жұмыс істеуде.

Соның нәтижесінде бұл ауыл советтің
қамтуындағы колхоздар көктемгі егісте
алда келеді. Міне, мұның өзі жарыста
алынған міндеттемелерді мүлтіксіз оры-
дау үшін батыл күрес ұйымдастырылға-
нын көрсетеді.

С. ШӘЙМЕРДЕНОВ.
ПРЕСНОВКА. (Өз тілшіміз).

ҮГІТШІЛЕР СЕМИНАРЫ

Петропавл қаласының Орталық аудан-
дық партия комитетінде қолөнершілер ар-
тындары председателдерінің үгіт-көпші-
лік жұмыстары жөніндегі орынбасарлары
іні бір жұмалық семинар басталды. Се-
минарда «Жер жүзінің саяси-өкімшілік

картасы», «Советтер Одағының халықара-
лық жағдайы» және «үгіт-көпшілік жұ-
мысын жүргізудің әдістері» деген тақы-
рыптарда лекциялар оқылады.

Ә. СМАҒҰЛОВА.

Мерекеге өндірістік зор табыстармен келмек

Н. заводдың жұмысшылары мен ин-
женер-техник қызметкерлері республи-
камыздың 25 жылдығы атындағы соци-
алистік жарыста алған міндеттемелерін
орындауда зор табыстарға ие болуда.
Завод коллективі өндірісте Агарковтың
ұмыс әдісін кеңінен қолданғаннан ке-
ін, шикізат пен жапармайды үнемдеу,
ашиналардың қуатын толық пайдалану
өңінде үздік табысқа жетті. Соның нә-
тижесінде заводта өнімнің санасы жақ-
артылып, оның түсер бағасы 6 про-
цент арзандалды.

Шойын құйтын цехтың жұмысшыла-
ы ұлы отақымыздың күш-қуатын арт-
тыра беру үшін, бұрынғыдан да зор жі-
ермен еңбек істеп, май айының 15 күн-
ік жұмыс жоспарын оңдау артығымен
орындады. МТС шаруашылығына көмек
етінде жоспардың тыс көптеген қосалқы
өлшектер өндірді.

Бұл жарыстан механик цехының жұ-
ысшылары да қалысатын емес. Олар

неміс-фашист басқыншыларға қарсы со-
вет халқының ұлы Отан соғысының же-
ңіспен аяқталуы хұрметіне Қазақстан-
ның 25 жылдығы атындағы социалистік
жарысты кеңінен өрістетті, сөйтіп май
айының 15 күндік жұмыс жоспарын
107 процент орындап, заводта бірінші
орынға ие болды.

Заводта жеңіске сай іс атқарып жүрген
озат бригадалар да аз емес. Сағитов
жолдасын басқаруындағы комсомол-жас
тар бригадасының мүшелері өндіріс тех-
никасын жете үйренумен бірге, өзара
социалистік жарысты пәрменіне өріс-
тетті. Соның нәтижесінде бригада күнде-
лік жұмыс мөлшерін үнемі біржарым есе
артық орындауға жетісті.

Заводта мұндай маңдай алды цехтар мен
бригадалар көптеп саналады. Олар қазір
республикамыздың даңқты мерекесіне
өндірістік зор табыстармен келу үшін
күресуде.

Б. АҚБЕРДИН.

тар егіс егу жоспарын толық орындап
шықты. Қазір совхоз коллективі жоспар-
дан тыс егіс егуде.

Онкүндік кезінде совхоздың тракторшы-
лары қажырлы еңбек үлгісін көрсетті.
Тракторшы Шкодин жолдас «Дизель»
тракторымен егіс бойына жұмсақ жерге
шаққанда 407 гектар жер жұмыстап,
240 килограмм жапар май үнемдеді.
Тракторшы Мария Шкодина жолдас 400
гектар жер жұмыстады да 137 килограмм
жапар майын мөлшердегіден кем жұмса-
ды.

Совхозда қажымай-талмай жұмыс істе-
ген мұндай таңдаулы тракторшылар он-
дап саналады. Олардың ішінде Мария
Стаценко және Татьяна Шенкова жолдас-
тар бар. Шенкова жолдас газогенератор-
лы трактормен жұмсақ жерге шаққанда
165 гектар жер жұмыстады.

БЕРЕЗИНЕЦ.
Совхоз директорының орынбасары.

қалық онкүндік кезінде таңсәріден түп-
қараңғылығына дейін тынбай жұмыс істе-
ді. Олардың бұл еңбегі босқа кеткен жоқ.
Онкүндіктің сегізінші күні—27 майда
МТС қамтуындағы колхоздар 9300 гектар
жерге тұқым себу жоспарын толық орын-
дады. Егіс жұмыстарының сапасы ойда-
ғыдай болды.

МТС қамтуындағы колхоздарда Кировші-
лердің үлгісі бойынша, жоспардан тыс
егіс егу жұмысы кең өріс алды. «Сбвод

Әрбір трактормен 137 гектар егіс егілді

ПОЛУДЕНО. (Өз тілшімізден). Полудень
машинна трактор станциясының трактор-
шылары 25 майға дейін көктемде трактор
мен істелетін жұмыс жоспарын 112 про-
цент орындады. Олар жұмсақ жерге ай-
налдырғанда 11001 гектар жер жұмыста-
ды. 15 аттың күші бар әрбір трактормен
137 гектар жер жұмысталды.

тар және «Красная нива» колхозының
колхозшылары 40 гектар егіс екті.

Қазір МТС қамтуындағы колхоздар егін
нің арам шөбін отау және пар жырту жұ-
мыстарына кірісті. Мұнымен қатар, пі-
шен шабуға әзірлік жұмысы ұйымдасқан
түрде басталды.

Коллективтік тілші—«Красное зна-
мя» газетінің редакциясы.

Республикамыздың 25 жылдығы атын
дағы социалистік жарыста әсресе Васили-
са Бондарева жолдасын трактор брига-
дасы алда келеді. Бұл бригаданың мүше-
лері Қазақ ССР Халық Комиссарлары Со-
веті мен КК(б)П Орталық Комитетінің
ауыспалы Қызыл Туын қолдарында бе-
рік ұстауда.

Совет ауданындағы Сартмар орталау
ментобінің директоры.

СУРЕТ КӨРМЕСІ

Петропавл қалалық партия оқу үйінде
22 майда суреттер көрмесі ұйымдасты-
рылды. Көрмеге неміс басқыншылардың
уақытша басып алынған совет жерінде
істеген және совет соғыс тұтқындарына
істеген жауыздықтарын көрсететін сурет-
тер қойылған.

Қала еңбекшілері көрмелі «Майданек
—өлім лагері», «Освенцимдегі жауыз-
дық» және Львов маңындағы Янковский
лагеріндегі «Ажал алқабы» деген тақы-
рыптардағы суреттерді көруде.

Ж. МӘМЕТОВА.

ШЕТЕЛДЕРДЕ

Тынық мұхиттағы соғыс

Аса қуатты «ұшушы қамалдардың» Токиоға шабуылы

ЛОНДОН, 26 май. (ТАСС). Рейтер агент-
тігінің хабары бойынша, Минданао ара-
лында (Филиппин аралдарында) америка-
н әскерлерінің Ликанан аэродромын (Дава-
оның солтүстік жағында) алғашқы
одақтастардың Тынық мұхиттың оңтүстік
батыс бөлігіндегі қарулы күштері бірлес-
кен командованиесінің штабы хабар етті.
Жаңа Гвинеяда Австралия әскерлері
Уэйвэйка қолтығының барлық жағалауын
жаудан тазартқан.

ВАШИНГТОН, 26 май. (ТАСС). 24 же-
не 25 майда жапон бомбашыларының
Окинава аралы ауданында Американың
жеңіп 11 соғыс кемесін зияндағандығын
АҚШтың Тынық мұхиттағы флотының
штабы хабар етті. Жапонның 111 самоле-
ті атып түсірілді.

ВАШИНГТОН, 26 май. (ТАСС). Аса
қуатты «ұшушы қамал» бомбашылары
ірі құрамаларының Мариан аралдарынан
ұшып шығып, Токиоға шабуыл жасаған.

Джозеф Дэвистің Лондонға келуі

ЛОНДОН, 26 май. (ТАСС). Рейтер
агенттігінің хабарына қарағанда, АҚШ-
тың Москвадағы бұрынғы елшісі Джозеф
Дэвис Президент Трумэннің ардаулы тап-
сырмасы бойынша кеше Лондонға келіп
түскен.

дығын Америка авиациясы 20-құрамасы-
ның штабы хабар етті.

ЛОНДОН, 26 май. (ТАСС). Рейтер агент-
тігінің Гуам аралындағы тілшісінің хаба-
ры бойынша, 26 майға қараған түнде
Американың аса қуатты 500 «Ұшушы қа-
мал» бомбашылары Токиоға шабуыл жа-
сап, қалаға 4 мың тонна өртегіш бомба
тастаған. Сонымен, 48 сағаттың ішінде
Жапония астанасына екі рет еселен ша-
буыл жасалған. Токионың өнеркәсіп орта-
лығы тағы да бір рет күшті бүліншілік-
ке ұшырады.

ВАШИНГТОН, 27 май. (ТАСС). Кеше,
24 майда, америка самолеттерінің кеме-
лердегі және жағалаудағы зенит батареяла-
рының 25 майда таң атқанға дейін жапон
ның 166 самолетінің атып түсірілгендігін
АҚШтың Тынық мұхиттағы флотының
штабы хабар етті. 24 майда Америка
авиациясы Кюсю аралындағы аэродром-
дарға шабуыл жасады.

Тольятти мен Неннидің алдағы уақытта Римге қайта келуі туралы хабар

РИМ, 27 май. (ТАСС). Пальмиро То-
льяттідің бүгін көпшілікте Римге қайта-
дан келетіндігін «Унита» газеті хабар
етті. Ненни Римге 28 майда қайтадан
келмек.

Солтүстік Италияда Тольятти мен Неннидің тұтқынға алынуы

РИМ, 26 май. (ТАСС). Жақын арада
Солтүстік Италияға сапарға шыққан Ита-
лия үкметінің барлық мүшелерінің және
түрлі партиялар өкілдерінің қазіргі күнде
социалистер партиясының басшысы Нен-
ни мен коммунистер партиясының басшы-
сы Тольяттиден басқаларының бәрі Римге
қайтадан келгендігін Рим радиосы хабар
етті. Партиялардың бұл екі басшысы
одақтастардың тыйым салуына қарама-
стан сөз сөйлеп, халық жыйылыстарын бас-
қарғаны үшін Солтүстік Италияда тұт-
қынға алынған.

Пьетро Неннидің тұтқыннан босатылуы

РИМ, 26 май. (ТАСС). Рим радиосы,
Солтүстік Италияда қандай ғана болма-
сын жыйылыс пен халық алдында сөз
сөйлеушілерге тыйым салынғандығы се-
бепті, арнаулы түрде лұқсат алмайынша
бұдан былай қарай халық алдында ешбір
сөз сөйлеуі жөнінде ескертілгеннен ке-
йін, Пьетро Неннидің тұтқыннан босатыл-
ғандығы туралы одақтастар комиссиясы-
ның хабарын берді.

Жауапты редактордың орынбасары
Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.